# АҚМЕШІТ жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан



6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 29 (514) 20 шілде, 2023 жыл


# «АМЕРИКАДА ОҚУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП»



**Шетел көрген қызылордалықтардың бірі кәсібін кеңейтсе, бірі мемлекеттік қызметке орналасып, бағын сынауда. Қалай болса да үлкен мақсатқа жету жолында жасалған кіші қадамдардың өзі нәтижесіз қалмайды. Осы орайда АҚШ-қа көшкен жерлесіміз Жайсан Құланбаймен сұқбаттасқан едік.**

**– Америкаға қашан көштіңіз?**

– 2017 жылы "Болашақ" бағдарламасының грантын ұтып алдым. Бір жылдық тіл курсына қатысып, 2018 жылы Америкаға оқуға кеттім. Оңтүстік Калифорния университетінен білім алдым. Әлемнің үздік 45 ЖОО-на кіретін университетте, үздіктер қатарында 9 орынға жайғасқан Маршалл бизнес мектебінде оқығанымды мақтан тұтамын. Аталған мамандықта білім алған алғашқы қазақпын. Шүкір, үздік ретінде аяқтап, диплом алып шықтым. Одан бөлек бизнес әкімшілігі мамандығы бойынша магистратураға тапсырып, Америкадан қос дипломмен оралдым.

**– Қазір шетелге шығуға мүмкіндік көп. АҚШ-та да талай қазақтың баласы жүр. Шетелге көшем, сонда өмір сүрем деген адамдарға айтар кеңесіңіз...**

– Әрине, мұнда қазақстандықтардың қарасы қалың. Мақсатты түрде жұмыс істеу үшін көшіп барып, сонда тұрақтап қалғандар бар. Олар көбіне Чикаго, Нью-Йорк қаласында тұрады. Ал «Болашақ» бойынша немесе жеке білім алу үшін келгендер Калифорнияда орналасқан. Студенттердің қаласына айналған Бостонда да көп шоғырланған. Қазақстандықтардың жағдайы жақсы, америкалық азаматтармен араласқанда жан-жақтылығымызды жиі байқадым.

**– АҚШ-та білім алудың басты артықшылығы неде? Қазақстандық униерситеттердегі білім жүйесінен айырмасы көп пе?**

– Әрине, мұндағы білім жүйесі мықты. Өзіме ерекше байқалған дүние – ұстаздардың студентпен қарым-қатынасы. Мәселен, мен Қорқыт ата атындағы университетте оқып жүргенде белсенді студент едім. Қоғамдағы белсенділікті оқумен қатар алып жүру қиын еді. Өйткені оны ұстаздардың бірі түсінеді, бірі қабылдай алмайды. Америкада дәл осындай жүйе. 15 апта дәріске қатыспасаң да ол бағаға әсер етпейді. Сондай-ақ маған ұнайтын тағы бір айырмашылығы – ұстаздардың сабаққа қонақ шақыруы. Мысалы, бизнеске қатысты салық төлеу туралы сабақ болса, ұстаз өзінің бір кәсіпкер досын шақырады да ол салық туралы егжей-тегжейлі айтып береді. Кәсіпкерлер өздерінің тәжірибесімен бөліседі. Тіпті, миллиардерлер де спикер болды. Түрлі танымал тұлғалардың тәжірибесімен таныстық. Бұл - үлкен артықшылық.

**– Қазір мамандық бойынша жұмыс істемейтін жастар көп. Әрі заманына қарай адамы десек, дипломнан гөрі қарым қабілет маңызды. Осыған көзқарасыңыз қандай? Жаңа, қажетті, сұраныстағы мамандықтарға елімізде дұрыс анализ жасалмайтын секілді...**

– АҚШ-та үкімет кәсіпкерлік саласына мүлдем араласпайды. Қысым, талап ету жоқ. Яғни, еркін бәсекелестік қана бар. Кім мықты, кім сұранысты қамтамасыз етеді, тұтынушы соныкі. Білім саласы да дәл сондай. Университеттердің көпшілігі жеке. Олардың дамуының, үздік оқу орны атануының себебі де осында. Жастар жаңа салаға қызығып жүрсе, университтер де осы мамандық бойынша курс ашып, сол саланың эксперттерін шақырып, айлығын аямай төлеп, бәрін ұйымдастыра салады. Мысалы, 3-4 жыл бұрын оқуға түсіп, студент боп жүргенде контент жасауға қатысты мамандықтар бар екенін, сол бойынша магистратура оқып жатқандарды еститінбіз. Біздің ойымызға келмейтін мамандықтар оқытылатын. Неге? Себебі сұранысты қамтамасыз ету үшін, өзіне студенттерді тарту үшін жаңа мамандықтарға анализ жасап, қажет болса, курс аша береді.

Мұнда үкімет тарапынан бөлінетін грант жоқ. Әрине, бір ғалымның атындағы, болмаса көпбалалы отбасыларға арналған гранттар бар. Алайда 80 проценті ақылы негізде, соған сай, өзі қалаған, таңдаған ЖОО-да білім алады. Ақылы негізде болғанмен шетелдіктерге қарағанда американдықтардың өздеріне көп мүмкіндік қарастырылған. Оқу ақысы шетелден келгендерге қарағанда 60-70 пайызға арзан. Өте қолжетімді. Әрі жұмыс істеуге қатысты көзқарастары да ұнайды. Еркін. Мына қалада жұмыс істеуім керек, осында тұруым керек деп байланбайды. Қайда жұмыс бар, сонда көше салады. Яғни, жоспармен өмір сүрмейді.

**– Әдемі әңгімеңізге рақмет!**

**Сұқбаттасқан**
**Дина Бөкебай**

**Арал мен балық ұғымын бөле қарау мүмкін емес. Теңізді өлкенің халқы тағдырын балық шаруашылығымен байланыстырып, табысын да осы бағыттан тапқан. Оған тарихи оқиға мен сала қызметкерлерінің ұзақ жылғы ерен еңбегі себеп болса керек. Арал балықшылары қиын-қыстау заманда аштықтан зардап шеккен Еділ аумағының тұрғындарына 14 вагон балық жолдап, миллиондаған адамды ажал аузынан құтқарған ерлігі де ескерусіз қалмағаны анық. Сондықтан соңғы жылдары сала мамандарына құрмет қарқын алып, шаруашылыққа қолдау көбейген. Дегенмен, бүгінгі ахуал көңіл көншіте ме? Аймақтағы балық шаруашылығынң жайы қалай? Аталған сауал – әлі де басы ашық тақырып.**

# БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ



# БАБЫ ҚАНДАЙ?

Алдымен деректерге мән берейік. Бүгінде Кіші Арал теңізінде балықтың 19 түрі мекендейді екен. Өткен жылы мұнда 7,7 мың тонна балық ауланып, 4534 тонна өнім өңделген. Қазір аймақта жылдық қуаттылығы 23 900 тоннадан асатын 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істеуде. Олар балықты қатыру, мұздату, ыстау сияқты жұмыстармен айналысады.

Мұндай нәтижеге мемлекет тарапынан жасалған қолдау да дем бергендей. Теңізге дем берген Көкарал бөгетінен бөлек, «Қызылорда облысында балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» да салаға серпін сыйлады. Онда 2030 жылға дейін 16 шабақ шаруашылығы, 12 тоған шаруашылығы, 3 тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары іске қосылуы және көлде тауарлы балық өсіру шаруашылықтарының саны 55-ке жеткізу жоспарланған. Өткен жылы 3575,7 тонна балық Ресей, Германия, Грузия, Лита, Польше, Нидерланды, Әзірбайжан, Венгрия, Австрия, Чехия, Франция және Қытай мемлекеттеріне экспортталған. Бағдарламаға сәйкес, 2030 жылға қарай облыстың балық экспортын 2 есеге арттыру жоспарланып отыр.

Салаға қолдау бары байқалады. Ал жастардың бұл бағытта жұмыс істеуге құлшынысы қалай? Олар балық шаруашылығын болашағы бар сала деп қарай ма? Бұл сұрақтың жауабын «Қамыстыбас балық питомнигі» кәсіпорнының балық өсіруші Адай Ералиұлынан білген едік.

– Салаға жастардың аз келуіне бірнеше себеп бар. Алдымен, балық шаруашылығы саласын ешкім жастарға насихаттамайды. Көп жастар бұл мамандықтың бар екенін де білмейді. Көрмеген, білмеген мамандықты қалай таңдайды? Екіншіден, осы саланы оқытатын колледж жоқ десе де болады. Ал ЖОО көп нәрсе талап ететіндіктен, жастар бара бермейді. Сондықтан қазір жас маман өте аз, – дейді ол.

Расында, жастарсыз балық шаруашылығын өрістету жүзеге аспайтыны анық. Сондықтан саланы тартымды табыс көзіне айналдыру, арнайы бағдарламаны көбейту, білім беру саласындағы жобаларды насихаттау – нәтижеге бастар қадам. Сонда ғана сұранысты қамтамасыз етуге жол ашылып, жастардың балық шаруалылығына бет бұруына мүмкіндік туары белгілі. Бүгінгі міндет пен мақсаттың жүйелі жоспарын құруда осы мәселе қалыс қалмаса игі.

**Б.ШАҒЫРОВ**

# ТЕАТР МӘДЕНИЕТІ: КӨРЕРМЕННІҢ КЕМШІЛІГІ НЕДЕ?

**Театр – тірі организм. Тынымсыз тіршіліктен бір сәт тыныш табатын саф өнердің ордасы. Сана тазарып, рухани тоят табатын мәдениеттің мекені. Қым-қуыт оқиғаларды қиыннан қиыстырып, өмірмен ұштастыра бейнелегенде ақыл мен жүректе өзара арпалыс басталады. Бұл – сахнаның киелілігі мен әртістің шынайы шеберлігі. Театр тағдырға төрелік етпейді. Тек жақсы мен жаманды нұсқап, ақ пен қараны анық көрсетіп, өмір болмысын боямасыз көз алдыңа әкеледі. Әрі қарай көрермен түйінді оймен соңғы нүктені өзі қояды.**

Түпсіз тұңғиыққа жетелеп, тебіреніс пен толғаныс қатар сезіндіру театрға тән негіз. Қас-қағым сәтте жанарды жасқа толтырып, езуге күлкі үйіретін де қойылымның қоспасыз қалпын айшықтайды. Демек театр, қойылым, әртіс үйлесімі санада сілкініс тудыратын үштік. Дегенмен шырайлы сәттің шырқын бұзатын кедергі мен келеңсіздік тағы бар. Жалпы «театр мәдениетін» қаншалықты сақтап жүрміз?

Театр табалдырығын аттай бере қаперде ұстайтын қағидалар бар. Мұндайда әдепті әдетке айналдырған абзал. «Мәдениет – киім ілгіштен басталады» дейміз. Бірақ, сонда да ұлардай шулап, артынып-тартынып келетіндер жоқ емес. Иә, премьераны тағатсыздана күтіп, кестеге сай уақытын ыңғайлап келетін көрермен көбейген. Әсіресе жас буынның бірде-бір қойылымды жібермейтіні көңіл қуантады.

Десе де кейбірінің оғаш қылығы, әдеп пен тәртіпті ұмытуы қойылымды ден қойып көруіне кедергі келтіреді. Мәселен, қойылым басталып, зал түгел тыныштала, сахнаға назар аударды делік. Ал кешіккендер орнына жайғасамын дегенше даурықтырып жібереді. Бірі телефонмен ұзақ сөйлесіп, дауысты бәсеңдету керегін естен шығарып алады. Мұның бәрі сахнадағы әртіске қолайсыздық тудырып, қойылымды беріле тамашалаған кей көрерменнің титығына тиюі әбден мүмкін. Негізінен театр түрлі эмоцияның себепшісі. Бірақ солай екен деп жер тепкілеп қарқылдап күлу, айғайлап жылау қаншалықты орынды? Трагедия, комедия, драма сынды жанрлар жанды түртіп, көңілді тербейтіні анық. Дегенмен бұл құбылған күйді әсірелетіп, лық толы залдың мазасын алу керек деген сөз емес. Бәрі өз өлшемімен, шегімен әдемі.



3 бетте



2 бетте

**ПЕДОФИЛИЯ: БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?**

6 бетте

**«БІР ҒҰМЫР ЖЕТЕ МЕ СҮЮГЕ СЕНІ?»**



# ПЕДОФИЛИЯ: БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

**Ел заңнамасында 14 жасқа толмаған балаларға зорлық көрсеткені үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе өмір бойы түрмеге тоғыту жазасы көзделген. Өкінішке қарай қоғамда педофилдер бостандықта жүреді немесе аз уақытқа темір торға қамалып, мерзімінен бұрын босап шығады. Ол педофилдерге қарсы құқықтың бір жолға қойылмағандығынан. Статистиканың өзі соны байқатады. Өйткені полиция есебіндегі 1500 педофил мен 2800 зорлықшының 1600-і ғана түзету мекемесінде, ал қалғаны бүгінде сіз бен біздің арамызда жүр...**

Жақында Түркістан облысындағы 5 жасар қыздың өлімі көптің қабырғасын қайыстырды. Анасының сөзінше, кішкентай қызы түсте үйінен шығып, артынша жоғалып кеткен. Содан соң әкесі бұрын сотталған көршісінен күдіктеніп, оның үйіне екі рет барғанымен, қызын таба алмаған. Бір топ адам көршісінің үйіне үшінші рет барғанда қыздың көйлегін көріп қалып, толық тінтіген. Соңында қыздың сау тамтығы қалмаған денесі табылды. Жазмыш болған сәбидің ата-анасы күдікке ілінген көршісімен араздығы болмағанын, аралас-құраластығы да жоғын айтқан.

«Бұрын сотталғанын, кейін тағы бір ауыр қылмыстық істен құтылып кеткенін білетінбіз… Құқық қорғау органдары қылмыскерді лайықты жазаласа осындай сұмдық болар ма еді? Оны бостандыққа шығарып жіберген қызметкерлерді тауып, жазалауды талап етемін!» – дейді қайғыдан қан жұтып отырған әке.

Сол күні күдікті ұсталса да, қылмыскерді өз бетінше жазалау үшін қолына тапсыруды сұраған қала тұрғындары көшеге шыққан. Ашынған халық тәртіпке бағынбай, оларды полицияның тыныштандыруына тура келді. Дегенмен, бұл оқиға мемлекеттік сот жүйесінен халықтың көңілі қалғанын, сот жүйесіне деген сенімсіздік күшейе түскенін көрсетеді. Ақорданың мәліметінше, құқық қорғау органдары істі тергеу амалдарын жүргізіп жатыр және күдікті анықталған. Ол бұған дейін кісі өлтіргені үшін сотталып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Одан бөлек биыл адам денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіргені үшін 3 жылға бас бостандығын шектеу жөнінде үкім шығарылған.

«Президент Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігіне болған қайғылы оқиғаның мән-жайын мұқият тексеруді тапсырды. Мемлекет басшысы биыл шығарылған сот үкімінің заңдылығын қарастыру және адамға қатысты аса қауіпті қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту маңызды деп санайды. Баланың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз», – делінген хабарламада.

Мұндай оқиғаның санынан жаңылуға болады. Мәселен, бірер жыл бұрын Сәтпаевта полиция 50 жастағы ер адамды ұстады, ол кәмелетке толмаған баланы алдап, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық жасағанын, пәтерге ертіп келгенін мойындаған болатын. Бұдан бөлек, Алматыдағы мектепте 1 сынып оқушысының жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағаны анықталып, қоғам шулады. Finprom.kz сайты келтірген дерекке сүйенсек, қылмыстық құқықбұзушылықтардың басым бөлігі осы Алматы облысында тіркеледі. Сондай-ақ Түркістан және Қарағанды облыстарында жағдай мәз емес.

Бұл ретте Қазақстандағы Бала құқығы жөніндегі уәкіл Динара Закиева педофилдермен күресудің жалғыз жолы – заңды қатаңдатып, алдын алу шараларын күшейту екенін алға тартты.

– Әлем елдерінде қыз зорлаған қылмыскерлерді көпшіліктің көзінше дарға асып немесе атып өлтіреді. Солтүстік Кореяда педофилді өз құрбаны жазаласа, Мысыр, Ирак елдерінде қылмыскер өмірімен қош айтысады. Иә, біз адам құқығын бірінші орынға қоятын, дамушы мемлекетпіз. Бірақ, бұл кеселді тез арада ауыздықтау қажет. Сондықтан мемлекет басшысының тапсырмасымен қазіргі ахуалды жүйелі түрде түзету үшін мемлекеттік органдармен бірлесіп инфрақұрылым мен бала құқықтары бұзылуының алдын алу құралдарын құру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Атап айтқанда, отбасымен жұмыс істеуді үйлестіру жөніндегі функцияларды кеңейтіп, заңнамалық түрде Еңбекмині мен әкімдіктердегі Әлеуметтік қорғау басқармаларына бекіту бойынша шараларды қолға алу керек. Аталған басқармалар Отбасын қолдау орталықтары мен мобильді топтар арқылы учаскелік бөлімшелермен қағазбастылықсыз тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс. Бұл неліктен маңызды? Қазір әкімдіктерде барлық қажетті қызметтерді тарту арқылы профилактиканы ұйымдастыруға, отбасымен, балалармен уақытылы жұмыс істеуге, бұрын сотталған адамдарды оңалту мен қайта әлеуметтендіруге жауапты үйлестіруші басқарма жоқ. Оған қоса Заңда медициналық-әлеуметтік есепке алу туралы норма бар, ол көмекке мұқтаж, ҚӨЖ-дағы отбасылар мен балаларды анықтап, оларға көмектесуді ұйымдастыруды көздейді. Алайда, бұған жауапты мемлекеттік орган әлі анықталмағандықтан, аталмыш заң жұмыс істемейді. Еліміздің 152 ауданында Отбасын қолдау орталықтарын ашу қажет. Мұнда отбасыларға әлеуметтік, құқықтық, психологиялық көмек, учаскелік қызметтермен бірге сүйемелдеу жүргізілетін болады. Қазір мұндай орталықтар 220 ауданның 78-інде ғана бар, – дейді омбудсмен.

Сонымен қатар ол балалар да, ересектер де білетін және кез келген уақытта көмек сұрай алатын бірыңғай мемлекеттік анонимді сенім телефонын/байланыс орталығын құру қажеттігін жеткізді. Ал қоғам белсендісі, «Не молчи» қорының негізін қалаушы Дина Таңсәрі педофилдерді түрме ішіндегі ақылы жұмыстарға тартып, өмір бойы жәбірленушінің қаржылық шығынын өтеу қажеттігін айтады.

Осыған орай жыл басында 330 педофилге электронды білезік тағу жоспарланып, бюджет қаражатынан 356 миллион теңге бөлінді. Сандық деректерге сүйенсек, 2021 жылы 80 адамға электронды білезік тағылыпты. Құқық қорғау органдарының өкілдері осы арқылы педофилдердің басқан ізін аңдып отыратындарын жеткізеді. Бірақ, бұл мемлекетімізде өршіп кеткен қылмыстың азаюына көмегін берер емес...

**М.СНАДИН**

# ҚУАҢШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚЫСПАСЫН ДЕСЕК...

**Жайдары жаз басталысымен ауа температурасы 42-ні көрсетіп үлгерді. Аптап ыстық алқымнан алып тұр. Бұл тұста алаңдататын бір мәселе – қуаңшылық. Әсіресе шаруаның, бейнеткеш жұрттың уайымы басым.**

Мамырда айтарлықтай жауын жаумады. Маусымда аптап болды. «Қыстағы қар жерге ырыс, жердегі ылғал елге ырыс». Қырсыққанда қыстың күні қар да аз жауды. Жерге ылғал сіңе қоймады. Сондақтан қазір Сырдың төсі жауын-шашынға зәру...

Қазгидрометтің болжамы бойынша шілдеде Қазақстанның басым бөлігінде ылғал қалыпты деңгейде болады. Тек Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы, Қостанай облысының Амангелді және Жаңғылда аудандары, Қызылорда облысының Қармақшы ауданында орташа құрғақшылық күтіледі. Ал өткен жылы біртала мал шығыны болып, оңтүстік-батыстағы ел әуре-сарсаңға түскені есте. Құрғақшылық салдары ауыл шаруашылығы саласындағы қордаланған көптеген мәселенің бетін ашып берді. Атап айтқанда, мал суару қорының аздығы, егістікті әртараптандыру, жер телімдерін тиімді пайдалану, жайылым тапшылығы секілді проблемалар қылаң берді. Қазір де ауыл-аймақта жайылымдық жерлердің өрісі тым тарылып кеткен. Оның үстіне малшылар бұрынғыдай жаз жайлауға, күз күздеуге, қыс қыстауға көшіп жүрмейді, төрт түлік жыл бойы бір орында бағылады. Жыл он екі ай жер де демалмайды, өңделмейді, деградацияға ұшырайды. Ендеше, құрғақшылықтың қалай алдын аламыз?

Деректерді сөйлетсек. АШМ Егіншілік департаментінің Агромелиорация басқармасының басшысы Медет Жәдігерұлының айтуынша, биыл 1,5 млн гектарға суармалы жерді игеру көзделуде. Оның ішінде 1 млн 126 мың га немесе жерлердің 75%-ы жерүсті әдісімен суарылады, 95,2 мың га күріш алқаптарын су басу арқылы, 278,6 мың га алаңда немесе 13,3% тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелері пайдаланылады деп күтілуде. Суды аз қажет ететін және монодақылдардың алаңдарын әртараптандыру бойынша жоспарлы жұмыс жалғасады. «Жергілікті атқарушы органдардың дерегі бойынша 2014-2022 жылдар аралығында жайылымдардағы мал басын су көздерімен қамтамасыз ету мақсатында республика бойынша 11 647 бірлік құдық (ұңғыма) салынды. Нәтижесінде 15,5 млнга жайылымдық су көздерімен қамтамасыз ету есебінен 1 млн ірі қара, 3,5 млн қой, 500 мыңға жуық жылқы және 97,4 мың түйе шалғайдағы жайылымдарға шығарылды және алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасын таппақ» делінген дереккөздерде.

Сондай-ақ өткен жылы жем-шөп шығындарының құнын арзандатуға 21,0 млрд теңге бөлінген болса, биыл жергілікті атқарушы органдар тарапынан 11,6 млрд теңге қарастырылып отыр деген мәлімет бар.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ-мен 235,2 мың тонна жемдік астық қалыптастырылды. Қажет болған жағдайда жемдік астықтың бұл көлемі мал шаруашылығын және құс фабрикаларын қолдауға арзандатылған бағамен жіберіледі, – дейді АШМ Мал шаруашылығы департаментінің бас сарапшысы Ғани Жұмахметов.

Климаттың өзгеруі, еліміздің бірқатар аймақтарында температура + 50-ден асуы, барлық өңірлерде аңызақ жел, жиі соғатын құмды дауыл өсімдіктерді күйдіріп жіберуде. Жер асты суларының да алыстауы топырақтың құрғап, тұздануына әкеледі. Бұл – мал жайылымдары күйіп кетеді деген сөз. Демек егіс шықпайды, мал тағы қырылады. Маңызды мәселе тұрғысында ақпарат саласының үздігі, тәуелсіз сарапшы-журналист Айткүл Шалғынбаева бұған дейін мынадай пікір білдірген еді.

– Қуаңшылықпен күресте алдағы 20 жылға еліміздің су мәселесін кешенді қарастырып, Қазақ суының саясатын мықтап қолға алу қажет. Үкімет қуаңшылыққа байланысты ең болмағанда алдағы 10 жылға кешенді мемлекеттік бағдарлама қабылдағаны жөн. Оның компоненттерінің ішінде басты приоритетте: «Байқоңыр» ғарыш айлағының жұмысын уақытша тоқтату, трансшекаралық су мәселесін басымдыққа шығару, Өзбек елі уағдаластықты бұзуды жалғастырса, қойылған талапқа келіспесе, желкелейтін жолдарын бұған дейін де бірнеше мақаламда жазғанмын. Өзбекстанның жанды жері – әуе қатынас жолы, теміржол, автобан. Өзбек экономикасына қантамырдай қажет әлеует. Соларды шектеу керек. Егер өзбек Сардобаны жаппаса, ультиматум сол. Қуаңшылық өзбекті айналып өтетініне өз басым сенімдімін. Өйткені олар суды жинап, сақтап отыр. Жинаған үстіне жинауды бір минут тоқтатпайды да. Ал біздер көрекөзге қауіпті ситуацияға кіріп тұрып, қуаңшылықпен күресті күріш көлемін азайтып, малға шөпті өздері қақсып отырған аудандарға өзара бөлісуді талап етіп отырмыз. Бұл күрес емес, бұл уақытша тығырықтан шығу. Күріш дақылының көлемін азайтса, жер одан сайын тұзданады, батпақтанады. Бұл – экология. Оны да ескеру керек, – деді ол.

Негізі бұл мәселе облыста жылда қайталанып келеді. Ал былтырғы бетпе бет келген проблема сабақ болуы тиіс. Қаншама отбасының малы қырылды, жем-шөп таппай қиналды. Бірақ солай болды екен деп қарап отырған халық жоқ. Бүгінде әркім қолдан келгенше кәсібін жалғастыруда. Оған қоса бұл мәселеге Үкімет те мықтап тұрып кіріссе деген тілек бар. Өйткені құрғақшылық тек шаруаларға ғана емес, халықты да қымбатшылықпен қинап отырғаны анық. Себебі азық-түлік бағасы шарықтап барады. Енді оған еттің бағасы қосылмаса игі...



**М.АҚНИЕТ**

# «АКТРИСА БОЛАР АДАМҒА АЛДЫМЕН ҚҰШТАРЛЫҚ КЕРЕК»



**Өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Алайда бір терінің пұшпағын илеп жүргенмен, маңдай тері мен уақытын осы салаға арнауға, ел мені елесе демей-ақ еңбек етуге дайын шын таланттар аз. Соның бірі - астаналық "Жастар" театрының әртісі, Тикетон сайтының қорытындысы бойынша "2023 жылдың ең үздік актрисасы", Диснейдің мультфильмдерін қазақшаға дубляждап жүрген әдемі дауыстың иесі, жерлесіміз Шехназа Қызыхановамен сұқбаттасқан едік.**





**– Шехназа, театр жан тазалығының көрінісі. Ақша мен атақ қуғандар театрды таңдамайды. Сіздің бұл саланы таңдауыңызға не түрткі болды?**

– Кішкентайымда атам мені жетектеп түрлі қойылымға, концерттерге апаратын. Жанынан тастамайтын. Алматыдағы М.Әуезов театрына алғаш ертіп апарғанында шамамен 4-5 сыныпта оқитынмын. Әлі күнге дейін есімде.

"Айман-Шолпан» қойылымын көріп, қойылымдағы оқиға, әртістердің қызылды-жасылды костюмдері мен театрдың әдемі аурасынан қатты әсерлендім. Ерекше ұнады. Сол күні мен әртістер секілді театр сахнасында тұрғым келетінін түсіндім. Кейіннен мектепте жүріп-ақ ел алдында өнер көрсетуге, өзім рөл сомдауға, қойылымды жасауға қызығып, сондай шараларға белсене қатыстым. Яғни, менің осы салаға келуіме тікелей себепші болған – Қызылордада тұратын нағашы атам. Есімімді Шехназа деп қойған да осы кісі. "Азия даусы" деген үлкен конкурста сол жылы Шехназ Шедемер деген өзбек әншісі бас жүлдеге ие болған екен. Соған ұқсасын деген ниетпен осылай атапты.

Бір қызығы, мені кішкентайымнан өнерге баулыған атам 9 сыныптан кейін өнер саласына оқуға тапсырам деген Шехназына рұқсатын бермей қойды. Бізде үлкенге қарсы шығып, беттен алып сөйлемейді ғой. Содан тұрдым да "Ата, онда неге атымды бұлай қойдың?" дедім. Сонда атам күліп жіберді. Әлі күнге дейін "Сол күні сөзден жеңілдім ғой" деп есіне алады. Осылайша сөзден жеңілген атам өзі жетектеп өнер академиясына, колледжге ертіп әкеліп, оқуға тапсырғанда жанымда жүрді. Өмірімнің басты бөлшегіне айналған өнерге баулығаны үшін атама айтар алғысым шексіз!

Содан Т. Жүргенов атындағы колледжде 3 жыл "кино және театр актрисасы" мамандығы бойынша білім алғаныммен режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың мюзикл әдісіне қатысты жаңа курс ашқанын көрдім де, қайтадан академияда 4 жылдық оқуға тапсырдым. Қайтадан 1 курс студенті болдым. Яғни, актерлық шеберлік мамандығы бойынша 7 жыл білім





алыппын. Оқу бітірген уақытта Нұрқанат аға аталған курстың студенттерінің арасынан іріктеу өткізіп, Астана қаласындағы жастар театрының құрамын жасақтады. Іріктеуден өткеннің бірі мен болдым. Осылайша астаналық атанып, жастар театрында қызмет жасап жатқаныма биыл 9 жылдан асыпты...

**– Сыр бойынан шыққан талантты жастың көптігі көңіл қуантады. Туған жерге қаншалықты жиі келесіз?**

– Әр жаз сайын баруға тырысамын. Балалық шағым Алматыда өтіп, алғаш мектеп табалдырығын осы жақтан аттасам да өзімді Шиелінің қызымын деп айтамын. Себебі 4 сыныптан 9 сыныпқа дейінгі жасөспірімдік шағым, саналы кезім осы жақта, ауылда өтті. Ата-анамның ажырасуына байланысты нағашыларымның қолында тәрбиелендім. Қыпшақтардың, жалпы қызылордалықтардың тәрбиесі бөлек. Сондықтан қызылордалықпын деп мақтанамын. Әрі ауылға барған сайын өзіме есеп беріп, жаңа ұлы мақсаттар қоямын, өзімді тани түсемін. Ол өз алдына бөлек терапия сияқты...

**– Актриса болу оңай емес. Алайда жүрек қалауы болғандықтан қиындығы сезілмейтін болар?**

– Әрине, сезіледі. Кез келген мамандықтың өз қиындығы, артықшылығымен бірге кемшіліктері де бар. Ғашық болсаң, адамның кемшілігі артықшылық боп көрінеді, көп нәрсеге көзіңді жұмасың. Мамандық та дәл солай. Осы істі сүйгеннен кейін шыдайсың. Артықшылығын, ерекшелігін көбірек көруге тырысасың, көресің де.

**– Жас болсаңыз да тәжірибелі актриса ретінде курс өткізіп, шәкірт тәрбиелеп жүрсіз. Жалпы актриса боламын деген адамның бойында алдымен қандай қасиеттер болуы керек?**

– Ең алдымен құштарлық керек. Шынымен де осыны жаны қалай ма? Адасып келетіндер қаншама. Оңай деп келетіндер қаншама. Шыдамай сынып кетеді, арманына қол жеткізе алмайды. Сол үшін саналы түрде таңдау, іштей сенімді түрде қабылданған шешім керек сынды. Одан кейін жан дүниенің рухани бай болуы маңызды. "Жақсы актер болу үшін жақсы адам болу керек" деген ұстаным бар бізде. Яғни, осы сөздің мағынасы дүниетанымы мен түсінігін, ішкі мәдениеттің кеңдігімен астасып жатыр. Үшіншіден, әрдайым өсу, даму, ізденістен шаршамау керек. Себебі актриса болу оңай емес. Жыл сайын емес, күн сайын, мыңдаған көздің, көрерменнің алдында сыналамыз. Сондықтан ішкі күштің, өзіңе, таңдауыңа деген сенімнің орны бөлек. Танымал болу да сондай. Сахнада бір сыналсаң, оның сыртында қаншама көз, қаншама сөз, пікір тұрады. Соның бәрін жай ғана қабылдай алатындай салқынқандылық, сенімділік керек.

**– Әдемі әңгімеңіз үшін алғыс!**

**Сұқбаттасқан**
**Дина БӨКЕБАЙ**

---

*Жалғасы. Басы 1-бетте.*

# ТЕАТР МӘДЕНИЕТІ: КӨРЕРМЕННІҢ КЕМШІЛІГІ НЕДЕ?

– Театрда он жыл қызмет етіп келемін. Осы уақыт аралығында аса бір келеңсіз жағдайлар болған емес. Бізде қойылым басталмас бұрын «телефонды дыбыссыз режимге қойыңыздар» деп алдын ала айтылады. Көрермендер де оны біледі. Кейде бірі ұмытып кетсе, енді бірі бұған мән бермейді. Егде жастағы кісілердің қатты сөйлейтін кезі де болады. Сосын студенттер кинотеатрға келгендей өзімен чипсы әкеледі. Бірақ бұл кедергі келтіріп, әртіске әсер етеді деп айта алмаймын. Тек ескерілмей жататыны осылар. Осындай бірен-саран олқылық болмаса, көрерменнің өзін-өзі ұстауы, мәдениеті мен театрға құрметі ұнайды. Қойылым соңында қошеметін аямай, бірге суретке түсіп, сый-сияпатын табыстап жатады. Кері байланыс орнатып, пікір білдіріп, әсерімен бөлісетіндер көп. Сыр көрермендеріне ризамын – деді Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрының әртісі Қанат Архабаев.

Еуропа елдерінде театр дамудың күрделі процесін бастан кешірді. Сондықтан болар, діңгегі мықты. Жергілікті халықтың да театрға қызығушылығы жоғары және құрметі айрықша. Бізде де өнер ордасына осыншалықты ынта мен ықылас артса деген ниет пен дәме бар. Әрі осы ізгі ойымыз ақырындап жүзеге асып жатыр деген ойдамыз. Қаперден шығар қарапайым қағиданы, ескерер ережені айтпағанда театрға табан тірейтіндер көбейген. Мұны талантты әртіс Қ.Архабаевтың да сөзі қуаттады.

– Еуропада қойылым үшін бір жыл бұрын билет алып қояды. Сөйтеді де киім кию үлгісіне дейін мән беріп, тыңғылықты дайындалады. Мәскеу қаласына оқуға барғанда осыны байқадық. «Рухани демаламыз» деген ниетпен барады. Тіпті тапжылмастан 4-5 сағаттық қойылымды тамашалайды. Мәдениет ошағында көрермен де бір-бірімен тіл табысып, пікір алмасып, екінші жанұя секілді араласады. Сондай-ақ, қойылым уақытында еш алаңсыз отырып, бар назарын сахнаға бұрады. Ал бізде көрермен көзі сахнада болғанмен ойы үй-жайында, бала-шағасында болуы мүмкін. Сондықтан театрға толық енбей, қойылым барысын қалт жіберіп алады. Жастар әлеуметтік желіге жүктеуге видео түсіремін деп, ұялы телефонға ұзақ үңіледі. Осылайша қойылымды меңгеруі қиындайды. Көш жүре келе түзеледі. Театр мәдениеті қалыптаспаған, құрмет жоқ деп кесіп айта алмаймыз. Өйткені, өнердің шаһарына айналған Астана, Алматы қаласында қызығушылық жоғары. Тикетоннан билет табылмайтын кездер бар. Бұл да алға жылжуға сеп, – деді ол.

Театрға жиі баратын жас буын да әдеп пен мәдениетті сақтау керегін шегелеп айтуда.

– Тарихымыз бен мәдени мұрамызды сақтауда театр мәдениеті де маңызды рөл атқарады. Классикалық пьесалар мен заманауи қойылымдар арқылы әртүрлі кезеңді, қоғамды зерттей аламыз, өзімізді және айналамызды тереңірек түсінеміз. Енді «театр мәдениетін сақтап жатырмыз ба?» дейтін сауалға тоқталайық. Шынайы сомдаулар қойылып жатқан кезде екеуара әңгіме айтатындарды көп байқаймын. Бұл ғана емес, ең ыңғайсызы – сахна түгелдей қара реңкке енген кезде кейбірі телефон жарығын қосып отырады. Батыс елдерінде театр мәдениеті жақсы қалыптасқан. Ешкім-ешкімнің мазасын алмайтын көрінеді. Мұны Еуропа елдерінде болған таныстарымнан көп естимін. Мүмкін, ол нәрсеге біз де жетерміз. Спектакль көрермен үшін қойылады, соны көзбен көруге тиіспіз. Сезіну қажет. Қазір де көрермендер мәдениеттен жұрдай дей алмаймын. Сондай ынта-ықыласын салып тұрып тамашалайтын адамдарда бар. Бірақ аз. Оларды көбейтуіміз керек, – деді Ердәулет Сәрсенұлы.

Түйіндей келе, күйбең тірліктен бір сәт арылып, жан тыныштығын тапқанға не жетсін?! Киелі өнер сананың соқыр, ойдың таяз болуынан сақтайды. Егер көрермен қатары үзілмесе театр тынысы да тоқтамақ емес.







**Замира ҚОНЫСЖАН**





**IT саласындағы іргелі ізденістердің жемісі үлкенді-кішілі жаңалықтардан көрініс тауып жүр. Соның бірі де бірегейі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университеті бірлесіп, алдағы 7 жылда «Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жетекші университет» жобасы аясында жасанды интеллект мектебін ашуды жоспарлауы. Аталған мектеп 3 бағыт бойынша білім алушыларға оқу процесін жүргізеді.**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕКТЕБІ ҚЫЗЫЛОРДАДА АШЫЛАДЫ

«Корея мемлекетіндегі сапар екі ел арасындағы байланысты нығайту және ондағы университет өкілдерімен бірлесіп, тың жобаларды іске асыруға бағытталды. Осы мақсатта университетімізде IT орталығын ашу туралы ұсыныс білдірдік. Бұл ұсынысымыз қолдау тауып, біздің оқу орнында жасанды интеллект мектебін ашуға келісім жүргіздік. Осы жоба негізінде алдағы 7 жылда Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университеті мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржылай қолдау көрсететін болады. Жыл сайын Сеул университетінен 2 профессор дәріс беру үшін және 2 студент бағдарламаларды қамтамасыз ету мақсатында оқуға жіберіледі. Аталған мамандықтарға арналған заманауи зертханалар жасақталып, олар Корея Республикасында шыққан серверлер, озық жабдықтар және бағдарламалармен қамтылады. Бұдан бөлек, алдағы уақытта университет базасында Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетінің филиалын құру жоспарлануда. Бұл жұмыстар тікелей өңір басшысының қолдауымен жүргізіледі», – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Бейбітқүл Кәрімова.

Айта кету керек, Корея мемлекетінде IT бағыты қарқынды дамыған. Сондай-ақ озық технологияларды шығаруда әлемде алдыңғы қатарда тұр.

Сыр өңіріне серпін беретін тың жоба аясында киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, компьютерлік ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын ашу көзделіп отыр. Бизнес-инкубатор орталығын іске қосуда жоспарлануда.

Облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов: «Келесі кезекте облыстық даму бағдарламасының бюджетіне Сеултех-ке кампус және технопарк салу негізі жоспарланатын болады. Студенттерге грант бөлу мәселесі де тұр. Гранттың 50 пайызын жергілікті атқару билік мойнына алуды ойластырып отыр. 50 пайызын біздің жоғары білім және ғылым министрлігі жүзеге асырмақ. Алдын ала келісім бар», - деп атап өтті.

Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университеті информатика және инжиниринг кафедрасының профессоры, Seoul Tech жаһандық кванттық жасанды интеллект қауіпсіздік орталығының директоры Джесу Ким және жобалық орталық директорының орынбасары Сонгон Ким университетіміздің негізінде жасанды интеллект мектебінің бірінші кезеңін енгізуге іссапармен келді.

Seoul Tech өкілдері облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязовтың қабылдауында болды. Кездесуде жасанды интеллект мектебінің уақытша орналасатын орны талқыланып, әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетіні сөз етілді.

Сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылар құрамы және Seoul Tech өкілдерімен онлайн форматында кездесу өткізіп, өз тарапынан жоспарланған барлық бастамаларға қолдау білдіретінін атап өтті. Баяндамасында Қазақстандағы жоғары оқу орындарында болып жатқан жаңа өзгерістер туралы мағлұмат берді.

Бір апта бойы Seoul Tech өкілдері іргелі оқу орнының мамандарымен бірге «Кибер қауіпсіздік», «Жасанды интеллект», «Компьютерлік ғылымдар» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын талқылап, жүзеге асыруды бастайды. Ал Қорқыт ата атындағы университет бітіруші түлектерді IT саласы бойынша озық технологияларды меңгерген «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі» мамандықтарының мемлекеттік грантын жеңіп алу арқылы жасанды интеллект мектебіне іріктеумен білім алуға шақырады. Нәтижесінде облыста ғана емес, елімізде жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар бойынша жаңа форматтағы мамандар даярланады. Жаңа бастаманың жазылар ірі жетістіктері, қоғамға пайдалы жаңалықтары алда деген сенімдеміз.

**А. МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**



# ЖАҺАНДЫҚ ЖЕЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕДІ

Иә, әлем қолданатын әлеуметтік желі жүйесінде қазақ тілі жоқ. Сондықтан тіл жанашырлары алаңдатқан мәселеге атүсті қарамай, шиеленістің шешімін табуға кірісті. Осы ретте жағымда жаңалықтың көңілге қуаныш ұялатқаны рас. Яғни қазақ тілі телеграмда ресми тілдер қатарына қосылды. Бұған дейін желідегі қазақ тілі тек сілтеме арқылы beta нұсқа түрінде таратылған. Ал қазір iOS пен Android жүйе қолданбасында және браузер нұсқасында бар. Ол үшін қолданбаның баптауындағы «Тіл»деген тармаққа кіріп, тізімнен «Қазақша» дегенді таңдайсыз. Айта кетейік, қазақ тілі телеграмға түркі тілдері арасында түрікше мен өзбекшеден кейін үшінші болып қосылды. Игі іске мұрындық болған негізгі аудармашы Мұрат Кәрібай, QazaqGrammar мен QazaqshaJaz’дағы белсенділер.

– Каспи банкоматтары мен терминалдарының әдепкі тілі қазақша болды. Енді қазақша таңдаған соң 20 секундтан кейін орысшаға ауысып кетпейді. О бастан қазақша интерфейсі тұрады. Бұрын банкомат маңында тұрсаң, оны қазақша пайдаланып жатқан адам жоқ дерлік еді. Қазір ары-бері жүргенде қазақша пайдаланып тұрған адамдарды жиі байқап жүрмін. Демек, барлық жерде әдепкі тіл ретінде мемлекеттік тілді қойса, оны пайдаланушылар саны бірден артады деген сөз. Өткенде Choco компаниясының өкілі Мухоряпов кейсінен кейін қазақша интерфейсті пайдаланатындар саны 13% дейін артты деп айтып еді. Банкоматтан бастап, кез келген қызмет түрін қазақша пайдаланыңыздар. Достар мен туыстарды қазақ тілін пайдалануға үгіттеңіздер. Әр батырманы басқаныңыз – статистика, әр таңдауыңыз – бизнестің шешіміне әсер етеді, - деді QazaqshaJaz қозғалысының өкілі Жалғас Ертай.

Көңілді марқайтар жаңалық легі мұнымен толастамақ емес. Осы қарқыннан таймасақ,, тіл туралы тартысқа да тоқтам болар. Тиісінше қолдану аясы кеңейсе құба-құп. Елімізде «Тіл-Қазына» КЕАҚ-ның IT-мамандары қазақ тіліндегі мәтінді дыбысқа айналдыратын Telegram-бот әзірлеп, іске қосты. Бұл инновациялық бот коммуникация саласындағы үлкен жаңалық және ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін, сондай-ақ қазақ тіліндегі ақпаратқа тез қол жеткізгісі келетіндерге жаңа мүмкіндік. Яғни, microsoft Azure интеграциясы арқылы Telegram-бот қазақ тілінде жазылған мәтінді жоғары деңгейде дыбысқа айналдырып, түрлендіре алады. Бұл қазақ тіліндегі кітаптарды, жаңалықтар мен мақалаларды, оқу материалдарын және басқа да мәтіндерді түрлі жағдайда пайдалануға мүмкіндік туғызады. Осыған орай, пайдаланушылар аталған ботты өз контактілеріне қосып, оған бірден қазақ тіліндегі мәтінді жіберу арқылы жаңа функционалды қолдана алады.

Ботты Телеграм каналында @kztts_bot атауы арқылы табуға болады. Бот мәтінді жылдам әрі сапалы дыбыстап, пайдаланушыға аудиофайлды кез келген уақытта тыңдай алатындай етіп қайта жолдайды. Демек бұл цифрлық коммуникациялар дәуірінде қазақ мәдениетінің дамуы мен сақталуына ықпал етеді деген сөз.

– Басқа желіге қарағанда телеграмды жиі пайдаланамын. Арнайы арна ашып, оны тұрақты жүргізудемін. Күнделікті оқиғамен бөлісіп немесе ой-толғам жазып тұрамын. Егер сауатты жазба тіркелушінің көңілінен шықса уақытты текке шығындамағаным. Телеграмның қазақ тілінде іске қосылғаны ерекше әрі қызық болды. Әр батырманың өз тілінде жазылғаны басқаша әсер етеді. Алдағы уақытта өзге желі жүйесіне де ана тіліміз жүктелсе жақсы болушы еді, – деді Б. Асылбекқызы.

Әлеуметтік желі мен интернет пайдаланушылар жетіп артылады. Тіпті кейбірі салдарынан сан соғып қалады. Алаяқтықтың құрбанына айналып, жалған жарнамадан жапа шеккендер аз емес. Мұны да назарға алған басшылық тиімді жолын қарастырып, заң қабылдады.

– «Онлайн платформа және онлайн жарнама туралы» Заңға президент қол қойды. Мұндай құжат Орталық Азия елдерінде алғаш рет қабылданып отыр. Европалық Одақтың Digital Services Actдеген заңнамасына негізделген құжаттың басты мақсатының бірі – қаржы пирамидасы және басқа да интернет алаяқтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жалпы бұл заңдағы ерекшелік бізде Қазақстанда қаржы пирамидасы бойынша алаяқтық артып кеткен болатын. Бұл заң соның алдын алады, кез келген қазақстандық тұтынушы сайтқа кіріп, жарнаманы оқыған кезде ол жарнама жалған ба, қандай ақпараттар берілген, оны инфлюенсер берген бе, оны сайттың иесі тексеріп көрген бе бәрін біле алады, – дейді сарапшы Айгерім Құсайынқызы.

Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі де мәлімдеме жасады.

– Әлеуметтік желілер негізгі ақпарат көзі мен қоғамдық-саяси бағытты қалыптастыратын платформаға айналды. «Қоғам тынысының барометрі» атанған масс-медиа саласы қарқынды дамыған тұста ақпараттық технологиялар әсерімен әлем күрт өзгеріске ұшырады, коммуникацияның ландшафты да терең трансформацияға түсті. Мәселен, күні кеше ғана Reuters Institute жариялаған биылғы «Дижитал жаңалықтар есебі» бойынша, әлемде әлеуметтік желі арқылы жаңалықпен танысу 30 пайызға ұлғайған, – деді ол.

Қорытындылай келе бұл заң әлемдік әлеуметтік желілердің интерфейсін қазақшалау, инфлюенсерлердің жарнамасын таңбалау, заңсыз контентті неғұрлым тиімді модерациялау мәселелерін де реттемек.

**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**



## «СЛАВЯН БАЗАРЫНДА» ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ



**«Славян хиті» байқауында жерлесіміз беларусь халқының «Рэчанька» әнін шырқады. «Витебскідегі Славян базары» музыкалық байқауында Құралай Мейрамбек үшінші орын иеленді.**

Екі күндік байқау нәтижесінде армениялық өнерпаз Маша Мнджоян бас жүлде алса, I орын беларусь Самир Елчиевке берілді. II орынды ресейлік Елизавета Слышкина мен италиялық Agape бөлісті. III орынды қазақстандық Құралай Мейрамбек және өзбекстандық Малика Хакимова иеленген.

«Құрметті қазақ елім! Байқауда қолдап, жанкүйер болған баршаңызға мың алғыс! Алла қаласа әлі талай көк туымды әлемде көкте желбірететін боламын!», – деп жазды Құралай өзінің Instagram парақшасында.

## «ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС» ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



**Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздықты жою. Сонымен қатар студент жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, еңбекке баулу арқылы маусымдық жұмыстарға тарту.**

Биылғы оқу жылында облыс көлемінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің өзінен 5624 жас маман атануда. Олардың жұмысқа орналасуы, мемлекеттік бағдарламалар арқылы алғашқы тәжірибесін жинақтау үшін «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыс» бағдарламасы туралы да ақпараттар ұсынылды.

Жәрмеңке аясында 20-дан астам мекеме мен кәсіпорыннан 150 бос жұмыс орындарына сұраныс бойынша қабылдау жүрді. Нәтижесінде 192 азамат, оның ішінде кеңес алушылар 52, сұхбаттасуға 27, тікелей жұмысқа орналасуға 18, маусымдық жұмысқа 7 азамат жолдама алды.

Келушілердің сұранысына сәйкес бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ТИІМДІ ӨТУДЕ



**Жаз айлары – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Себебі ол баланың тұлға ретінде қалыптасуына, дүниетанымының кеңейіп, рухани дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды. Жалағаш ауданындағы оқушылар үйі осы үдеден шығуды көздейді.**

Жуырда мұнда «Жұлдыз бала» шығармашылық-шеберлік шеруі өтті. «Шебер қолдар», «Бейнелеу өнері», «Жас Ұлан» және «Эстрадалық әндер» үйірмесінің мүшелері өз шығармашылығынан көрме ұйымдастырып, әннен шашу шашты. «Қауіпсіз саябақ» акциясы барысында балалар жетекшімен бірге «Жеңіс», «Астана» саябақтарына саяхаттап, ескерткіштердің тарихымен танысты.

Зияткерлік ойындарда шыңдалып, «Мұражайлық калейдоскоп» әлемдік мұражайға онлайн саяхат ұйымдастырылды. «Бала brain»зияткерлік мега ойыны және «Мейірімділіктің сиқырлы күші» жазғы онлайн оқуларын өткізу де қолға алынды.





# «ҮЛГІЛІ ЕЛДІ МЕКЕН» АНЫҚТАЛДЫ

Өткен жылы қаланы абаттандыру, елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оларға жайлы орта жасау бағытындағы жұмыстарды ынталандыру, бағалау мақсатында аймақта алғаш рет «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жарияланған болатын.

Конкурс талаптары таныстырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталды. Үздік елді мекендерді анықтау үшін азаматтық қоғам өкілдерінен, халық қалаулыларынан, тәуелсіз журналистер мен экобелсенділерден құрылған тәуелсіз сарапшылық комиссия жұмыс жасап, шешім қабылдады.

Марапаттау рәсімінде аймақ басшысы ауылдар мен қаланы тең дамыту басым бағыттың бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен айда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Тазалық пен ұқыптылық күнделікті өмір салтымызға айналуы қажет. Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы ең алдымен басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзқараспен қарауы тиіс», – деген болатын. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық дәстүрдің алтын қазығы саналатын сырбойылықтар бұл бастаманы негізгі қағида ететіні сөзсіз.

Өздеріңізге белгілі, президент өткен жылы қайта сайланғаннан кейін «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы құжат аясында Үкімет пен әкімдіктер алдағы бес жылдықта ауылды дамытуға күш салуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыстың әрбір елді мекенінде ауқымды шаралар үздіксіз ұйымдастырылады», – деді облыс әкімі.

Аталған тұжырымдама аясында биыл өңірге қомақты қаржы бөлінді. Ол елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеуге, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталуда.

Аймақ халқы атынан демеушілерге алғыс айтқан облыс әкімі тағы бір ерекше бастаманы атап өтті.



«Тұрғындардың тілегі бойынша аудан орталықтарында музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар мекемелерді біріктіріп, заманауи бір ғимарат етіп салу бағытындағы жұмыстарды қолға алудамыз. Бұл жұмыстар туған жеріміздің гүлденуіне оң әсер ететіні сөзсіз» – деді аймақ басшысы.



«Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша үшінші орын және әмбебап тиегіш трактор Арал ауданы, Аманөткел ауылына табысталды. Екінші орын жеңімпазы Жалағаш ауданы, Таң ауылына жер қазатын трактор тіркемесімен берілді. Бірінші орынға Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов ауылы жер қазатын трактор және жүк тасымалдайтын «КАМАЗ» көлігін алды.



Конкурстың «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша үшінші орынмен Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті марапатталып, оған ассенизатор машинасы және жол тазалайтын трактор табысталды. Ал екінші орынға ие болған Шиелі кенті қалдық тасымалдайтын «КАМАЗ» көлігін, жол тазалайтын трактор және ассенизатор машинасын жеңіп алды.Бірінші орын алғаны үшін Жаңақорған кентіне қалдық тасымалдайтын және арнайы жол тазалайтын «КАМАЗ» көлігі, ассенизатор машинасы және кран манипуляторы берілді.

«Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясы бойынша үшінші орын жеңімпазы болған «Бәйтерек-Шұғыла» шағын ауданына «Сквер құрылысы» жобасы сыйға берілді. Екінші орын жеңімпазы «Сырдария» шағын ауданы «Балалар және спорттық ойын алаңдары құрылысы» жобасымен марапатталды. I орын жеңімпазы «Арай-2» шағын ауданына «Сквер, спорттық ойын алаңдары құрылысы және көше-аулаларды жарықтандыру» жобасы берілді.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

## ӘЖЕМНІҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ

Маған ерекше балалық шақ сыйлап, жылу берген, жүректен орын алар сөз айтып өсірген, ақылымен бөліскен асыл әжем – Күлтәй. Өзі бір үйдің ерке қызы болып өсіп, қазір бір әулеттің ұйытқысы болып отырған батыр ана. Таршылықты, қиыншылықты көп көріп өссе де, жүзі әлі де нұрлы қалпымен шуақ шашады.

Шаңырақ астында қонақсыз, кісісіз отыра алмайтынын айтпасқа болмас. Шөлдемесе де әңгіме үшін шайдан жайлап алып отырады. Әжем – Социалистік Еңбек Ері Қасым Бөдеевтің қызы. Батырдың жалғыз қызымын деп мақтанышпен айтып отырады. Әрине, мақтануға тұрарлық жағдай.

Тұрмыстағы тағдыры үлкен бір көркемфильмнің оқиғасы болар еді. Менің атаммен отасып төрт перзентті болған бақытты кезеңі тез аяқталды. Кенеттен келген ажал атамды мәңгілікке алып кетті. Ауыр күндер басынан өтті. Осы кезеңде туған абысыны қайтыс болып, оның үш баласы анасыз қалады. Ағайындар жиналып қазақтың әмеңгерлік салтымен қайынағасы мен келінін қосады. Ондағы мақсат жеті жетім жан-жаққа шашырап кетпеуі еді. Екі үйдің балаларын бір шаңырақтың астына біріктіру оңай емес. Бірақ әжем өте мейірімді жан еді. Бар баланы бірдей ұстады. Мынау өзімдікі деп бөліп жарып қараған жоқ. Дүниеге ортақ бес бала келді. Он екі бала бір шаңырақтың астында тату-тәтті өсті. Барлығы да жоғары оқу орнын бітірді. Әжем ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бақытты әже атанды.

Бүгінде қозғалыстың адамы. Жасы сексеннің төртеуінен асса да бақша егіп, күтіп, баптайды. Оның қатпар-қатпар әжім толы жүзінен бір көрген адам мұң байқар. Ал, оның мұң екенін бетін ашып, тіс жарып айтқан емес.

Әжем мен үшін биік шың сияқты. Қанатынан шыққан қос перзенті есейген, азамат болған шағында бірінен соң бірі араға қырық күн салып бақилық болғанда да қара нардай қайыспай көтере білді. Қазір екі перзентінен қалған немерелеріне ұзақ ғұмыр тілейді. Қиындық келсе мойымайтын, қайғы келсе жеңілмейтін ер мінезді қайран қазақтың аналарыай! Мен соны мақтан етемін. Өйткені әжем бір адамға қатты дауыс көтермеген, аналық мейірімшуағын төккен, тек адал еңбекпен өмір сүрген ардақты адам.

**Жамила ӘБСАТТАРҚЫЗЫ,**
**№137 орта мектептің 11 сынып оқушысы,**
**Сырдария ауданы**



# «БІР ҒҰМЫР ЖЕТЕ МЕ СҮЮГЕ СЕНІ?»



* * *

Бір ғұмыр жете ме сүюге сені, өмірді,
Кітаптың кейіпкерлерін?!
Жақыннан қалған жазықсыз ғана көңілді,
Кір жұқтырмаған жанарыңменен емдедім.

Бір өлең жете ме жанымды жайып беруге,
Ауыз тиюге қайғымнан?
Жалығам кейде өзіме қайтып келуден,
Сен де сертіңнен тайдың ба?

Жер беті жетпек жетімсіреген нешеуге?
Ұмыта берем, өмірдің өзі бір ертек.
Есейгендерден үйреніп алдым кеше мен,
Көңілді таптап, гүл өртеп.

Жымиып өтсем, жеңілмес ойды тұмшалап,
Махаббатыма құл санам.
Жеткізбей қойған шақырымдарды қайтеміз?
Ақылым жетпей жүр соған...

* * *

Уақыттың үніне ғашық құлағым,
Сағат тоқтауын тілейді сынарым.
Түсімдегі кеше көрген қар қызы
Бекторымен қол ұстасып жүр әні.

### НЕ-ГЕ?

Қиял кезу – өміріңді аяу ма?
Құламауға қалам ұшын таянған.
Өзімізді түсімізден таба алсақ,
Ең шынайы өнер ғана оянбау.

Үрейленер түстің келмей өлгісі,
Жүрек жақтан құс ұшады, көнбісім.
Тамырымды жарып шығар аңдаусыз
Тән ішінде тұтқындалған болмысым
өлең оқып түнекке...

Әңгіме айтар Фрейдпен әлі ұйқысы келмеген,
Жайлы қонақ жалғыздығым бөлмеде.
Азапты ойлар кетпей тұрып пышақтап,
ессіздігімізді құшақтап,
Бейсанамызда жолығайықшы пенделер.

* * *

### НЕ ЖАЗАМ САҒАН?

Кеудемнің құсын ұшырып алдым,
Жанымды бүгін үсіріп алдым,
Жадымнан сені өшіріп алдым,
Ғасырдың демін көшіріп алдым
..байқамай.

Не жазам саған?
Ойымнан алыс оза алмай кеттім,
Тағдырды ғана жаза алмай кеттім,
Өзімнен өзім жырақтап кеттім,
Армандарымнан бір аттап кеттім
..байқамай.

Не жазам саған?
Жалғыздығыммен дос болып қалдым,
Жанардың гүлі жас болып қалдым,
Тас көңілдерді жылытып қалдым,
Өмір сүруді ұмытып қалдым,
..байқамай.
Не жазам саған, жарығым?

### ХРОНОФОБИЯ

Сағаттың тілі 1-ден 24-ке дейін шыр айналады,
шыр айналады ішімде ойлар.
Сағат құрастырушы жердегі Құдай болады
адамдар түсінбей дал.

Сағаттың тілі 1-ден 24-ке дейін ән салады
ән салады Адель бірге.
Уақыт тоқтамауы үшін қанша алады?
Сен, айтшы, жан емің не?

Сағатым 1-ден 24-ке дейін күледі ойсыз,
Әдеттегідей, тілін шығарып.
Сіз телефонсыз жүре алмайсыз,
оқымау керек, жақында жырым шығады.

Сағаттың тілі 1-ден 24-ке дейін...
таныс па үрейім?
Сырт-сырт... қайталайды қасқа жүрек.
Уақыттың әуеніне вальс билейік,
Тек аяғымды баспаңыз. Ок?

* * *

Сағыныш түсі, тағы да аздап таң суық,
Құлагердейін құлаштауыма қамшы көк.
Көздері жанған үкідей сенен қорқамын
Үзіліп түсер тамшы боп.
Көзге көргісіз түнекті сүйем сендегі
Ал сенің барың жалқылықтарға ем бе еді?

Құдайдың бәрін құдай ететін сиқырын
Адам еткен бе пендені!?
Ей, шерлі ғалам, қиянат жаса у ұсын
Мекендеп жүрсем жүректің жалғыз қуысын.
Адамзат білер ең ұлы гимн – жалғыздық.
Және де менің туысым.

Жаһанда саған табылмас сірә, күш теңдер
Түсім де емессің үш ұйықтағанда үш
көрген.
Қосыла шырқап қайтам ба деп ем әніңді
Көшеде тағы ішкендер!..

### «AMOR FATI »

Қиын емес жерде жатып бәрінің гүлін алу
...өзің жайлы өзгеден біліп алу .
Өлеңге ұқсап жымиып тұрам өксіп
Өлеңге ұқсау – дәл қазір тірі болу .

Аяулы емес ең соңғы өңің сұлу,
құшқым келіп ауылдың желін шыны.
бәлкім бақыт дегенің
Құрастыру
өзіңді сынып
теріп,
Жүрегіңді
өзгеге жұлып беріп
өмір сүру.

Ғажап емес жаныңа
жақын кеп жылай беру,
үнсіз ғана қиялға
ұнайды еру.
бар дұғасы – миында
жүргенде – мешіті
ғажабы сол, өлеңді Құдай көру.

Көркем қандай
Үлгеру гүлін алып,
Жылы кетіп, көктаста жыры қалу.
Беске оқысам өмірім сені...
бірақ ең ауыры – дәл қазір тірі болу.
ең тәуірі – дәл қазір тірі болу.

### ӘКЕ – ӨЛЕҢ

Әке, сенің маңдайыңдағы әжімдер
Шығыс пен Батыстың,
Ақыл мен намыстың тоғысқан торабы;
Балалыққа апарар
Ең қысқа саты олар - жылдармен жоғары.
Әке, ренішің жоқ па еді..?
Қызыңның кеткені көрпе емес, жыр құрап.
Өмірдің анты игі-
Жейденнен аңқиды жердегі бір Жұмақ.
Қаламын байқамай,
Таулар да қайталай алмайды биіктеу еңсесін.
Қабағың, қасыңнан
Өзімді шашылған құраймын мен сосын.
Әке, армандар орасан,
Өмірге қарасам шығып ап дүниенің шетінен.
ойлайсың өлем деп,
тұрасың өлең боп кітаптың алғашқы бетінде.

**Дина БӨКЕБАЙ**



## КӨКТЕМНІҢ ХАБАРЫ

Алматыға көктем келді,
Біз жүретін жолдың бәрі жыр болып,
Еске салар өткендерді
Ал дәл қазір,
Есентайдан түскі ас ішіп
Шаштарында дицентра гүлденіп,
Кеудесінен құстар ұшып...
Мен келдім!

Алматыға көктем келді,
Құстар айтты құлағыма сыбырлап,
Жалғастырар көк пен жерді
Ал дәл қазір,
Жүрегімнің досы үміт.
Сосын мен де бір ән айттым ыңылдап,
Молданазарға қосылып...

Алматыға көктем келді,
Құрбыларым шықты жаңа сәнденіп,
(Жек көретін өктем желді)
Ал дәл қазір,
Кеше жауған қар артық,
Менің жаным қуыс-қуыс тәнге еріп,
Жатсам дейді дүниені ағартып.

Алматыға көктем келді,
Көрінеді қарасаң, жақыннан күз,
(Мұңға бату жоқ менде енді)
Ал дәл қазір
Сыр орнына жыр беріп,
Терезе алдында түнмен бірге отырған қыз
...ғайып болар, үлгеріп!

Алматыға көктем келді,
Ақындар!...қиын бұларға
Ессіз деп сөкпең мені)
Ал дәл қазір,
Бір сағыныш ойларымды үсіріп,
Айналдырар жүрегімді жырыма,
Жырларымды қиындыларға,
Түсініксіз түсінік.
Алматыға көктем келді- мен келдім!..

## КӨЗДІҢ ЖАСЫ АЙНАЛҒАНДАЙ ЖАҢБЫРҒА...

Көздің жасы айналғандай жаңбырға,
Көңіл байғұс құлазиды сәл мұңға.
Біз аңсаған ақиқатта шындық жоқ,
Біз күтпеген адасу бар тағдырда.

Мұңдалайды мәрт мезгілдің көктемі,
Әлсін-әлсін жанды азаптап от демі.
Адалдықтан жаралса да ұжданың,
Адаспайтын періште ма ең көктегі.

Жаңылыңдар, жаңылуда мән бар-ды,
Сәби көңіл туғанында-ақ алданды.
Мүмкін содан жүрегіміз кірледі
Бәлкім содан пейіліміз былғанды.

Өкініштен өрт тұтатып өткенге,
Өрт ішінде аласұрды от кеуде.
Жанарыңда жылт етеді жалқы өмір,
Көзіңді алмай қарап тұрсаң сәттерге.

Үздігесің ұзақ қарап таңдарға
Мен қалаған ізгілік бар сол манда
Шырайналып сен іздеген махаббат,
Жүрген шығар,
Біз адасқан жолдарда…

**ӘЛИ АСҚАР**



## ЭКСПРОМТ

Қайда жүрсің келешек, келіншегім?
Елендеумен күтіп жүр елің сенің.
Өміріңді өзгертем мәңгілікке,
Көңіліңді түсірме, көңілшегім!

Кеткендей көктен жерге жаһұт түсіп,
Бақ-айдынға жетейік бақыт құшып.
Асықпай-ақ қояр ем үйленуге,
Бараады күннен-күнге уақыт қысып.

Шықпайтынын білсем де ардан бүлік,
Мазалайды жанымды жалған күдік.
Жаңа жылда жарқырып шоқ жұлдыздай,
Жарығым-ау, шықсаңшы алдан күліп.

Жүздескенде көрерсің сезіп, біліп,
Қояды әлі сезімді көз ұқтырып.
Жолықтыра ма екен-ай айда бізді,
Әлде күнде қоя ма кезіктіріп?

Ең бастысы, болмасын күйік, нала,
Той жасаймын халқымды жиып дара.
Ерте үйіме кел енді еркелемей,
Өмір бойы өтейін сүйіп қана.

## СӘТ

Көңіліңе түсірдім бе қаяу-мұң?
Тағдыр біздің білмегендей аяуды.
Естеліктен түк қалмады есімде,
Саған барған жолдар қайда аяулы?

Жылы жаққа жыл құсымен кеттің бе?
Сырын айтып жүретін қыз тек түнге.
Оралмадың. Мені аяған өзіңдей,
Жанарынан жас тамады көктің де.

Өзің жайлы ешбір жерде жоқ дерек,
Сезім енді кіммен, қалай көктемек?
Мен отырмын реңжулі ғұмырдың,
Бір өзіңмен өтпесіне өкпелеп.

Дерегің жоқ қайда кеттің, қарағым?
Шырқалмады сен кеткелі бал әнім.
Жоғалтқан күн еске орала береді,
Көз алдымда көлбеңдейді жанарың.

Сүріндірген сол күндерге кектендім,
Түсінерсің себебін бұл өкпемнің.
Қос жағада қалып қойдық, тағдыр да
Сен жағына өткізбеді өткелдің.

Қайыры жоқ сауға сұрап қолдардан,
Өліарада саған жетпей, өлді арман.
Сағынғанда айта алмаған күйім бұл,
Саған барып, қайта алмаған жолдардан.

**Ақітлек БІТІМБАЙ**

# ТАЙЛАНДТАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Негізі ол Солтүстік Қазақстан облысы велоспорт мектебінде тәлім алған. Алғаш рет велоспорт үйірмесі есігін 13 жасында ашқан еді. Шал ақын ауданының орталығы Сергеев қаласындағы №1 мектеп-интернатында 4-6 сынып аралығында оқыды. Одан кейін Петропавл қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында білімін жалғастырды. Оған велоспорттың әліппесін жергілікті бапкер Виктор Потапов үйретті. Содан бері шәкіртіне ақыл-кеңесін айтып, түрлі бәсекеде топ жаруына зор үлесін қосып келеді.

– Әдетте, көпшілік велоспортты қыз баласына қиын спорт түрі деп санайды. Бұл сөзді жоққа шығара алмаймыз. Рас, алғашқыда велосипедті игеріп кету ешкімге оңайға соға қоймайды. Уақыт өте келе қиындықтың барлығын жеңе аласың. Оны өзімнің жеке спорттық жолымнан көруге болады. Велоспорт әліппесін үйреніп, қыр-сырына қаныққаннан кейін алға үлкен мақсат қойдым. Қазірге дейін бағындырған белестерім – соның айқын куәсі. Әрбір жарысқа қатысарда өзімді қайрап шығамын. Еліміздің абыройын биіктетсем деймін. Сол мақсатыма жеткен сәтте иығымнан жүк түскендей сезінемін, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

**Елімізде велоспорт жақсы дамыған. Десе де қыздар арасында әзірге биіктен көріне қойған спортшы жоқ. Кейінгі жылдары сол олқылықтың орны тола бастаған секілді. Әлемдік жарыста топ жарған Махаббат Үмітжанова жақында Таиланд тас жолында өткен Азия чемпионатында мәре сызығын бірінші болып қиды. Бұл – ел спортындағы елеулі жаңалық.**



Асқақ арман адамды алға жетелейді. Кейіпкеріміз 2012 жылы Талдықорған қаласындағы велоспорттан олимпиадаға дайындық орталығына түсті. Ал 2014 жылы «Astana BePink» клубының құрамына кірді, 2016 жылы «Astana Women Team» клубы сапына ауысты. Онда белгілі велошабандоз Зульфия Забирова менеджер қызметін атқаратын еді. Бұл үлкен спортқа қадам басқан қазақ қызының өміріндегі елеулі сәттердің біріне айналды.

Махаббат 2016 жылы тректен ел біріншілігінде чемпион атанды. Ал шосседегі жарыста алғашқы орындардан көрінді. Қазақстандық бапкерлер велошабандоздың дайындығын жоғары бағалап, көптеген халықаралық бәсекеге жол ашылды. Нәтижесінде Азия чемпионатында бірнеше мәрте жүлдегер атанды. Азия ойындарында бақ сынады. Ел біріншілігінде талай мәрте топ жарды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болды.

– Қазір құрлықтық додада жеңімпаз атану оңайға соқпайды. Көптеген елдерде қыздар арасындағы велоспорт дамып кетті. Тас жол үстіндегі тартыста Қытай, Жапония, Вьетнам, Таиланд, Оңтүстік Корея, Өзбекстан спортшылары жарыс көрігін қыздырады. Биылғы Азия чемпионатында да дәл сондай бәсеке болды. Қаншама шақырымға созылған жарыста олардың алдына түсіп кету оңайға соққан жоқ. Еліміздің абыройын қорғап барғаннан кейін біз үшін шегінерге жер жоқ. Намысқа тырысып, алға қарай ұмтыла түстім. Қарсыластарым да бас жүлдеге барынша таласты. Бұл бәріміз үшін де қызықты бәсеке ретінде ерекшеленді. Мәре сызығын бірінші болып қиған сәтте ерекше көңіл-күйге бөлендім. Қаншама жылғы еңбектің, дайындықтың, өтеуі қайтты, – дейді спортшы.

Әлемдік деңгейде велоспорт бәсекелері өте қызықты өтеді. Ерлер арасында ұзақ жылдан бері ұйымдастырылатын көпкүндіктер жанкүйер қауымының қызыға тамашалайтын сайыстарына айналды. Мұндай жарыстар әйелдер велоспортында да бар. Оған да кілең мықты велошабандоздар жиналады. Жазғы олимпиада ойындары күнтізбесінде қыздар да жүлделерді сарапқа салуға мүмкіндік алды.

– Айта кетерлігі, әлемдік мамандар Қазақстанды велоспорт жоғары дамыған елдердің бірі деп санайды. Сондықтан жүлдеге үміткерлер қатарына қосады. Бұл – біз үшін үлкен жауапкершілік. Қателікке бой алдыруға болмайды. Жоғары нәтижеге қол жеткізуге барынша күш саласың. Осындай бәсекенің арқасында әріптестеріммен бірге үлкен тәжірибе жинақтадық. Бізді алда беделді бәсекелер күтіп тұр. Олардың арасында 2024 жылғы Париж олимпиадасының шоқтығы биік. Мұндай айтулы аламанға әрбір спортшы қатысып, бақ сынауды қалайды. Оған лайықты деңгейде дайындық жасайды. Олимпиадаға қатысу үшін алдымен іріктеу кезеңінен іркілмей өтуің керек. Алдағы мақсатымыз – жанкүйерлерді жоғары жетістігімізбен қуанту, – дейді ол.

Махаббаттың өмірлік жолдасы Мәди Әзен де – белгілі велошабандоз. Қызылорда велоспортынан тәлім алған ол халықаралық және еліміздегі көптеген жарыстарда толайым табысқа кенелді.

– Сыр велоспортының беделі биік. Бұл өңірден талай мықты спортшылар шықты. Олардың қатарында трек түрінен Әлем чемпионы Марат Сатыбалдиевті ерекшелеп айтамыз. Сондай-ақ, жастар арасында әлемдік деңгейде топ жарған Сергей Капустинмен де жерлестері мақтанады. Қазіргі күні де келешегінен үлкен үміт күттіретін жастар шоғыры өсіп келеді, – дейді ол.

Азия чемпионатында алтын алғаннан кейін велошабандоз ел біріншілігінде топтық жарыста жеңіс тұғырына көтерілді. Бәсеке барысында спортшылар 105 шақырымдық тартысқа түсті. Мәреге 20 шақырым қалған сәттен бастап Махаббат Павлодар облысынан келген Рината Сұлтанова екеуі жұлдыздай жүйткіп, өзге қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Шешуші сәтте сыр бермей қарсыласын қапы қалдырып кетті.

Велошабандоз алдағы жарыстарға қатысу үшін жоғары дайындыққа көңіл бөліп отыр. Әрбір еселі еңбектің қайтарымы болатыны белгілі.



# «ҰЛТТЫҚ ОЙЫНҒА НАУРЫЗДА НАЗАР АУАДЫ...»

Ұлттық спорт жайлы айта қалсақ, ең әуелі ойға атадан балаға мұра болған, осы кезге дейін үзілмей келе жатқан қазақ күресі, садақ ату, бәйге түсері талассыз. Алайда осы спорт түрлері бүгінде өкінішке қарай ауылдың деңгейінен ары аса алмай жүр. Дүние жүзіндегі әр халық өз спортын әлемдік деңгейге дейін көтеріп, онымен қоймай ыңғайына қарай қысқы немесе жазғы олимпиада ойындарына қосуда. Ал біз ше? Біз болсақ күресімізді де дамыта алмай келеміз. Ал жапонның дзюдосын білмейтін әлемде жан жоқ шығар.

Қараңызшы, 4 жылда бір рет өтетін олимпиада ойындарына енген спорттың әрбір түрі алғашында бір ғана мемлекеттің шеңберінде ойналары анық. Дейтұрғанмен ебін тауып, әр ел өзінің ұлттық спорт түрлерін насихаттап, дүбірлі доданың бағдарламасына енетіндей дәрежеге жеткізген. Олимпиада ойындарының құрамына ену үшін ұлттық спорт түрі кеңінен насихатталуы тиіс. Мәселен, Азия ойындарының құрамына ену үшін бүкіл Азия елі сол ұлттық спорт түрін мойындауы қажет. Алайда көбінесе біздің ұлттық ойындарымызға насихат жағы жетіспей жататындай. Ал басқа елдер ұлттық спортының насихатталуына көп көңіл бөледі. Осының өзі біздің үлкен кемшілік сынды.

Мәселен, жапондар дзюдо күресін әлемге таныту үшін 1970 жылдары күреске арналған киімдері мен күресетін татамилеріне дейін дүниежүзіне тегін таратты. Жаттықтырушыларды дзюдоны тегін үйрету үшін жер-жерге аттандырды. Дзюдодан халықаралық жарыстарды жиі өткізді. Сөйтіп, дзюдо халық арасына кең тарады. Осылайша уақыт өте дзюдо олимпиадалық ойындардың қатарына енді. Біздің де күресіміз басқа күрес түрлерінен еш кем емес. Егер күресімізді біз де жапондардай насихаттасақ, әлемге танылып, мойындалар ма еді, кім біледі?!

Хош. Жеке «бренд» сияқты қылып, «Қазақстан барысын» қолға алдық. Естеріңізде болса, алғашқы пәтте бұл жарыстың жүлде қоры 300 мың АҚШ долларына жуықтаған. Алайда кейін 100 мыңға қысқарды. Бұл әлеуметтік желіде біраз дау болған. Дегенмен одан өзгерген ештеңе жоқ. Бұл бір.

Енді ата-бабамыздан мұра боп қалған ат спортына тоқталайық. Аттың құлағында ойнап, жауға шапса, сенімді серігі қылған, тұлпарын жеті қазынаға теңеген қазақтың бүгінгі жайы көңіл көншітерлік емес. Қазіргі таңда қазақ асыл тұқымды тұлпарды ұмытты десек болады. Оны күнделікті өмірде айналаңызға зер салып қарасаңыз, анық байқауға болады. Ертеректе қазақ жері мен орта Азияны нағыз асыл тұқымды жылқының отаны деп есептеген. Қазіргі таңда сол жылқылар Еуропаның ипподромдарында шауып жүр. Жай шауып жүрген жоқ, өнер көрсетіп жүр. «Алтынның қолда бар да қадірі жоқ» деген осы шығар. Ипподром дегеннен шығады-ау, мәселен, осы қаламызда жылына неше рет бәйге ұйымдастырылады? Екеу, бәлкім үшеу… Әйтеуір аз екені анық. Одан бөлек қазір еліміздегі ат орталықтары жекеменшікке айналып, қызметі үшін ақша алатын «сауда орнына» айналған. Хош, біздің мақсат біреуді күндеу емес, басқа. Мынаны қараңызшы, еуропалықтар осынау ат спорты түрінен әжептәуір пайда тауып, кәдімгідей оны кәсіпке айналдырып отыр. Өйткені әр додаға көп мөлшерде ақша қойылады. Жеңген жылқының иесі сол ұтысты алады. Осы ат жарыстарынан үлкен пайдаға кенеліп, нөмірі бірінші спортына айналдырып отырған мемлекеттің бірі – Швеция. Бұл елде жылда жоғары деңгейдегі үлкен бәйгелер өтуі әдетке айналып, бір ізге түскен. Қыстың суығына қарамай қала шетіндегі ипподромдары халыққа толы болады екен. Оған 300 мыңнан әрі АҚШ доллары тігіледімыс. Өкінішке қарай біздің спортшыларымыз осындай тәуір жарыстардан шет қалып жүр. Тағы айта кететін жайт, қазіргі таңда Франция бюджетінің 25 процентін осынау ат спортынан түскен пайда құрайды деген ақпарат бар. Ал көрші елдегі аты жер жарған, талай еуропалық футбол және баскетбол клубтарының демеушісіне айналған «Газпром» компаниясы Ресейдегі ат спортының негізгі демеушісі екен. Біздің елде неде болса, ат спортын қолдау мәселесі әлі де ақсап тұр. Жарыс аз өтеді. Еуропа елдерінде ат спортынан жарыс бізге қарағанда 4-5 есе көп болады. Олардың артықшылығы да осында болып тұр ғой.

Тіршілікке жан бітіп, адам өз нанын өзі тауып жеген тас дәуірінен бері келе жатқан садақты қазақ қыз-жігіттері ата алатыны анық. Құралайды көзге атқан талай мерген бізден шықты емес пе?! Тәуелсіздік алғалы 30 жыл уақыт сырғып өтті. Қанша олимпиадаға барсақ та, садақ ату жарысынан үздік ондыққа да кіре алмадық. Осы салада жүрген сала басшылары уақыт өте бәрінің ретке келетінін айтып, жылда сұхбат беріп, жағы талады. Ал спортшыларымыз болса, жағдай жасамағанын алға тартады. Ел ішінде спортты дамытуға, оның ішінде ұлттық спортты көтеруге жыл сайын қаржы бөлінері анық. Кейде осы спорт түрлерінен ақсап жатқанымызды көргенде сол миллиондаған ақша тиісті жерге, өз уақытында жетіп жатыр ма екен деп ойланып қаласың. Ұлттық спортты дамытамыз десек, бізге қаржылық қолдау, ауылдық жерлердегі спорт мектептерін дамыту, жылқыны бабын жасайтын кадрлар даярлау қажет. Әрине, бұл іс ұзақ уақытты керек етері де анық.

Педагогика ғылымының кандидаты Елемес Әлімханұлы бір кездері «Алаш айнасына» берген сұхбатында:

«Бізді ұлттық спортта артқа тартатын кедергі ол – арнайы насихаттың жоқтығы. Қазақтың ұлттық ойындары Наурыз мерекесінде ғана ойналатын дәстүр түрінде ғана қалмай, жаппай халық арасына кең тараған ұлттық ойынға айналса деп тілеймін. Жалпы біздің ұлттық ойындарымыздың 300-дей түрі бар көрінеді. Соның қазір 20-дай түрі ғана халық есінде сақталған. Халқымыздың басынан өткен қилы-қилы кезеңдерге орай, ұлттық спорт ойындарының көбісі ұмытылып кеткен. Дәл қазіргі таңда ұлттық спорт түрлерін дамытуға көңіл бөлетін жағдай бар. Жазушы Герольд Бельгер: «Егер біз ұрпағымызға ұлттық идеяны насихаттайтын болсақ, ол қолға таяқ ұстатқандай дәл, анық болуы керек», – дейді. Осы секілді ұрпағымызға ұлттық ойындарды насихаттар болсақ та, ол дәл, анық ережелерімен болуы керек деп санаймын. Әйтпесе әркім әр жаққа тартқыштап, ұлттық ойындарымыздың негізгі мазмұнынан айырылып қалуымыз мүмкін. Егер балалардың санасына осы бастан ұлттық ойындардың маңыздылығын сіңіре бермесек, ұлттық ойындар маңыздылығын жойып, қолданыстан шығып қалу қаупі бар» – деген еді.









**P.S.** *Ауыр атлетика мен бокстағы жетістіктерге қуанып жүріп, ұлттық ойындарымыздан айрылып қалмасақ болды. Әйтпесе, қымыз да, ою-өрнек те, киіз үй де кешеге дейін қаймағы бұзылмай қазақтікі болды. Алайда сол насихаттың, көңіл бөлудің аздығынан қолда барды қадірлемегесін шетелдіктер соның бәрін патенттеп алды ғой...*

## РЫБАКИНА АҚШ-ТАҒЫ ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАДЫ



**Қазақстанның бірінші, әлемнің үшінші ракеткасы Елена Рыбакина өзінің Уимблдондағы ойынына баға берді.**

Турнирдің баспасөз қызметінің хабарына қарағанда қазақстандық теннисші тунистік Онс Жабермен ширек финалдағы матчтың қиын болғанын айтты.

«Ойын ауыр болғанмен, мен мұнда тамаша екі апта өткіздім. Маған жанкүйерлердің қарсыласымды көбірек қолдағаны әсер ете қойған жоқ. Мен оған назар аудармадым. Былтырғы финалмен салыстырғанда, ол сәтті ойнады. Өзімде де, әсіресе, екінші сетте көптеген мүмкіндіктер болды. Алайда доп берудегі дәлдік жетіспеді. Жарысқа чемпион ретінде келу мен үшін жаңаша болды. Алғашқы матчтарымды табысты өткізгеніме мақтанамын, өйткені солардың өзі оңайға түскен жоқ. Әр ойын сайын күшті бола түстім. Енді Америкадағы турнирлер алдында жұмыс істеу керек. Осы екі аптадан жақсы тәжірибе жинадым», – деді Рыбакина.

Еске салайық, бұған дейін Рыбакина Уимблдон турнирінің ширек финалында әлемнің алтыншы ракеткасы, Тунис өкілі Онс Жаберден жеңілген еді. Осылайша, қазақстандық теннисші былтырғы чемпион атағын қорғай алмады.

## БАЛУАНДАР ЖЕҢІСІ



**Иордания астанасы – Амман қаласында күрес түрлерінен 15 және 20 жасқа дейінгі спортшылар арасында өтіп жатқан Азия чемпионатының алғашқы күні Қазақстан құрамасының U15 грек-рим күресінің жас балуандары 3 алтын, 2 күміс және 3 қола жүлдеге ие болып, жалпыкомандалық есепте екінші орыннан көрінді.**

Атап айтар болсақ, Диас Маратов (48 келі), Досбол Шәміл (57 келі) және Әбілмансұр Ахалбек (68 келі) Азия чемпиондары атанса, Мәрлен Мейірбекұлы (62 келі) мен Аянбек Ибраев (85 келі) күміс жүлдеге ие болды. Сұлтан Мәулітханов (38 келі), Сұңқар Зарап (44 келі) пен Дамир Ақан (52 келі) қола жүлдені иеленді.

Енді бүгін қыздар сайысқа түссе, ертең еркін күрес шеберлері жүлделерді сарапқа салады.

## СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



**Астана қаласында жастар арасында велоспорттың трек түрінен сайыс өтті. Ұлттық ҚР Чемпионатында Қызылорда облысы «Qyzylylorda cycling team» құрама командасы сәтті өнер көрсетті.**

Сайыс нәтижесі бойынша жекелей жарыста Аружан Рахымжан III орын иеленсе, топтық жарыста Аслан Силықбек, Саят Айдархан жүлдеге ілікті. Осылайша 5 алтын, 3 күміс, 6 қола қоржында.

Сонымен бірге 3-9 шілде аралығында Петропавл қаласында жасөспірімдер арасында өткен велоспорттың тас жол түрінен де жүлделі орын бұйырды. ҚР Чемпионатында жоғарыда аталған команда өнер көрсетті. Критериум жарысы бойынша Жандос Әбдіқай III орын алса, 56 шақырымға созылған топтық жарыста Әлихан Шыңғысұлы да III орын еншіледі. Ал 20 шақырымды құраған командалық жарыста Ринат Ерік, Жандос Әбдіқай, Әлихан Шыңғысұлы, Әділет Зинадин жеңіс төрінен көрінді.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

# «ARAL ORGANIC»: САБЫННЫҢ 11 ТҮРІ ШЫҒАДЫ




**Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде сабын өнеркәсібі ерекше қарқынмен дамып келеді. Шампунь және үйді тазартуға арналған тауарларға қарағанда сабын өндірісінің даму көрсеткіші жоғары. Оның үстіне сабынды ерітіп, ыдыс-аяқ жууға да, хош иісті ұнтақтарсыз сабынның өзімен әдейілеп киім жуатындар да қатары көп. Себебі мұнда ешқандай химиялық қоспа болмайды.**

«Aral Organic» жеке кәсіпкерлігінің иесі Арсена Кушжанова түрлі өсімдіктің қоспасынан сабын дайындайды. Кәсіпкердің өнімі көп сабынға ұқсамайды. Ол түйе, ешкі сүті, жантақ қосылған емдік қасиеті бар өнім шығаруда. Бұл сабын түрлі тері ауруларына және терінің құрғауына қарсы емдік қасиеті бар. Арсенаның идеясы «Қазақстанның үздік тауары – 2023» өңірлік көрме-байқауында сұранысқа ие болды.

– Көрмеге өз өнімімді әкелдім. Келушілер тарапынан сұраныс ерекше болды. Бұл біздің команданың көңілінен шықты. Себебі өзің істеген іс өзгенің қызығушылығын тудырса, кәсіпкер үшін одан артық мақтаудың да, қошеметтің де қажеті жоқ. Расында, кәсіп бастау оңай шаруа емес. Десе де тәуекел етіп, жақсы нәтиже боларына сеніп бастап кетуге керек. Бастысы, жүрексінбеу керек. Бизнес бастап кету үшін тың идея да маңызды. Қандай жоба екенін алдын ала зерттеп алу қажет. Мен біраз ойланып жүріп, өндіріске бет бұру керек деген ойға келдім. Сан түрлі бизнесті ғаламтордан қарап, қалай жасау керек, қайсысы өтімді екенін зерттедім. Бірақ сабын шығару өндірісіне тоқталдым, – дейді кәсіпкер.

Арсена бұрын сабынды өзіне және таныстарына дайындайтын, содан кейін хоббиді бизнеске айналдыруды шешті. Мемлекеттік қолдау аясында қолдан жасалған сабын шығаратын цех ашты.

– Кәсіпті бастағаныма 6 айдай уақыт болды. Мүмкіндігінше қолда бар нәрседен пайдалы дүние жасауға келді. Сабын түйе, ешкінің сүті қосылып жасалады. Сонымен қатар жантақты да пайдаландық. Органика болып есептелгеннен кейін, ауылдан өзіміз шөпті теріп, қайнатып істегеннен кейін,








қойылып, экодүкендерге ұсынылса деген ойым бар. Бізде тек ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнімдерді өндіру үшін айтарлықтай әлеует бар, – дейді кәсіпкер.

Арсена қазіргі таңда сабынның 11 түрін шығаруды. Айтуынша, сабынның құрамында хош иістер мен консерванттар жоқ, тек табиғи ингредиенттер. Судың орнына ешкі мен түйе сүтін қосады, сонымен қатар ол түйе тікенегі қосылған шөп сабынының рецептін ойлап тапқан.

**Мөлдір САБЫРЖАН**

# ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

**(20 – 26 шілде)**

**Тоқты**
Кейбір жайт көңіліңізге кірбің салуы мүмкін. Өмірге шынайы, реалистік көзқараспен қарап үйреніңіз. Кейінгі мансабыңызға жағымды әсер ететін маңызды кездесу орын алуы мүмкін.

**Торпақ**
Жаңашылдықты аңсап, өзіңізді күтіп, түрлі диеталар бастап, сырт келбетіңізге өзгеріс енгізгіңіз келеді. Апта соңында қолыңыз босап, бос уақытыңызды сүйіктіңізге арнай аласыз.

**Егіз**
Жаңа қызмет, серіктес, шабыт көзін іздегендер үшін апта сәтті болмақ. Қажет жерде керек уақытта болу арқылы қалағаныңызға ойламаған жерден қол жеткізесіз. Бұрын жіберген қателіктерді түзетуге мүмкіндік беріледі.

**Шаян**
Жұмысыңызды ауыстырудың немесе жаңа жобаны бастаудың қажеті жоқ. Оның орнына уақытты бірнеше күн саяжайда немесе жақындардың ортасында өткізуге арнаңыз. Басшылық сізден барлық салаларда бірдей белсенділік танытуды талап етеді.

**Арыстан**
Талқылау деңгейінде қалған жоспарыңыз бен идеяңызды жүзеге асыратын уақыт келді. Шығармашылық және эмоционалдық шарықтау күтіп тұр. Бұл көңіл-күйіңіз қарқынды жұмыс істеп, ақша табуға көмектеседі.

**Бикеш**
Адамдармен оңай тіл табысып, оны өз кәдеңізге жарата аласыз. Соның нәтижесінде серіктестерден жақсы ұсыныс түсуі мүмкін. Аптада оқуға байланысты мәселе күтіп тұр. Ең сәтті күндер апта соңында орын алмақ. Сізге демалыс, ал жақындарыңызға назарыңыз қажет.

**Таразы**
Жұлдыздар материалдық мәселелерде қатаң есеп пен логикаға сенім артуға кеңес береді. Ал қаржы саласында жақыныңыз табыс көзінен айырылуы мүмкін, ал сіз керісінше мансап жолында жоғарылайсыз.

**Сарышаян**
Бәріне күмәнданатын әдетіңіз тіпті шегінен шықпақ. Орынсыз күмәнданып, жақсы мүмкіндіктерді жіберіп алуыңыз мүмкін. Сүйіктіңіздің туыстарымен қарым-қатынасыңыз жақсы арнаға бұрылып, қысқамерзімді сапарға шығуыңыз мүмкін.

**Мерген**
Аптаны үй мен тұрмысты жақсартуға арнайсыз. Ойыңыз жүзеге асып, сізге ләззат сыйлайды. Үй шаруасындағы белсенділік іскерлік белсенділікке ауысады, ұжымдағы дауды шешіп, өзіңіздің жеке шаруаңызбен айналысуға тура келеді.

**Тауешкі**
Жоспарыңыз бақылаудан шығып, орындалуы сәл кешеуілдеуі мүмкін. Бірақ уайымдамаңыз, барлығы орындалады, жағымды жаңалықтар, достарыңыз бен туыстарыңызбен кездесу күтіп тұр.

**Суқұйғыш**
Егер демалыс туралы ойланып жүрсеңіз, онда уақыты келген сияқты. Олай болмаған жағдайда сізді үйді жөндеу жұмыстары немесе қоныс аудару күтіп тұр.

**Балық**
Жұлдыздар импровизацияға мүмкіндік беру керегін алға тартады. Сонымен қатар эмоционалды қуат көзінсіз сізге осы аптада жұмыс істеу қиын. Орын алған оқиғалар сізді терең ойға салады. Дәл осы кезде өзіңізді сыйақы немесе өткен айдағы еңбегіңіздің жемісі күтіп тұр. Бұған дейін айналысып тастап кеткен іске қайта оралуыңыз мүмкін.

Кезекші редактор: М.САБЫРЖАН

# КУРЬЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ТАБЫСЫ ҚАНША?









**Қазіргі таңда көпшілік қалағанын іздеп қапылып, базар аралап сабылып жүрмейді. Тіпті күннің аптап ыстығында қара терге түсіп, қыстың ызғарлы аязында дірдектеп жүріп дорба асынып, қалта-қалта зат көтеріп жүруге ешкім құлықты емес. Өйткені таңдауына сай тапсырыс беріп, интернет дүкеннің игілігін көріп отырғандар көп. Тағамды да үйіңе дейін жылдам жеткізу қызметі кең таралуда. Мұндайда қаланың қарбалас тіршілігіне бейімделген курьерлердің күрт көбейгеніне көз жеткізуге болады. Жұрт жәй ғана «жеткізіп беруші» санайтын санат еңдігі мамандыққа айналған тәрізді. Өйткені бірі қосымша табыс көзі есебінде қараса, бірі тұрақты жұмысы етіп, жайлы жағдайын реттеп алатын көрінеді. Күнделікті табыс ай соңына жеткенде қомақты қаржы болады. Демек әлдекім елеп-ескермейтін қызметтің жалақысы жоғары. Шамалап айтқанның өзінде аңтарылып, сеніп-сенбеуіңіз де мүмкін. Айтпақшы «жеткізіп берушінің» жұмысы жеңіл де емес. Сол себепті оған көлікпен зуылдап келіп, тапсырысын табыстай салатын қызмет деп қарамау керек. Қысқасы тұтынушының оң бағасын алып, күніне бірнеше тапсырысты орындауға бекінгендер уақыты жолда өтеді.**

Салмағы бар сөмке асынып, жолда жүйткіп жүретіндер межесіне мезетінде жетуді көздейді. Әйтпесе тұтынушы «кешіктің» деп кемшін тұсын тауып, қиқар мінез көрсетсе жұмыс көрсеткішінің төмендеуіне ықпал етеді. Кейін даурығып, дау қуып жүргенде біржола бас тартуға тура келеді. Оның үстіне алатын табыс сағатына орындаған тапсырысқа байланысты. Жылдамдық танытпаса күткен қаржыдан құр қалады. Ақпарат көздеріне сүйенсек, 2021 жылы аймақтар бойынша орташа жалақы: Алматы – 350 мың теңге, Астана, Шымкент қалалары – 300 мың теңге, Ақтау мен Қарағанды 200 мың теңгені құрайды. Әсіресе тәжді вирустан сыртқа бір адам аттауға болмайтынын аңғарған жұрт тұрмыстық жабдық, керек-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлікке дейін курьермен алдырған. Осы кезеңде табыс тіпті еселене түскен екен. Ал бүгінгі күні «Яндекс» жүйесінде курьерге айына 820 мың теңгеге дейін табыс табуға болады. Күніне 10-20 мың аралығында есепшотқа ақша түседі. Тек ұялы телефон мен арнайы көлік түрі қажет. Яғни жұмысқа орналасудың өзіне қыруар қаржы жұмсамай, тіркеліп, өтінім беріп, бірден іске кіріседі.

– Студентпін, сондықтан қыркүйек айына дейін курьер болуды жөн көрдім. Қазір Алматы қаласындамын. Негізі өткен жылы осында екі ай көлемінде электросамокатты жалға алып, жұмыс істегенмін. Жақсы табыс тауып, керек-жарағымды өзім түгендедім. Осы жолы мопед сатып алдым. Тапсырысты бұрынғыдан да жылдам жеткізіп, бір жүйеге түстім. Меніңше, курьер болу өте тиімді. Мәселен жұмысқа қашан шығатының өз еркіңде. «Жалақыдан ұстап қалды, бұл айда неге аз түсті?» деп алаңдамайсың. Өйткені еңбегіне қарай ақы аласың. Үздіксіз тапсырыс орындасаң, табысың да арта түседі. Даяшының өзі қара кешке дейін жүріп 5 мыңға толар-толмас ақша алады ғой. Оның жанында мұнда еңбек бағаланатын секілді, – деді Рамазан есімді жігіт.

Иә, «алма піс, аузыма түс» деп қолқусырып жатқанда, іс өнімді болмайды. Еріншектің ертеңі бітпейтінін бәрі біледі. Сондықтан нанын адал еңбекпен тауып, күнін босқа өткізбейтін жастардың көптігі көңіл қуантады. Әсіресе, талпынғанға екі қолға бір күрек табылады. Ізденгенге жұмыс көп. Қызығы, курьер болумен жастар ғана емес, ересектер де айналысуда. Еңбек демалысындағы немесе зейнетке ерте шыққан ер адамдар қосымша табыс табу мақсатында тапсырыс орындауға көшкен.

«Курьер» сөзі француз тілінен аударғанда «жүгіру» және «тез қозғалу» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ бұл ұғымның ежелден қалыптасқаны жиі айтылады. Курьердің уақыты көбіне жолда өтіп, қозғалысы жылдамдықтан, қызметі «жеткізіп беруден» тұрғандықтан болар мұрнын шүйіре қарайтындар бар екен. Тіпті тұтынушы тіксініп сөйлеп, жалдап алған жұмысшысы сынды жұмсауға әуес көрінеді. Тапсырысын жеткізбей жатып, жол ортада тағы қосып тізім жазып беретінін қайтерсің? Қысқасы курьер екі ортада «барып кел, шауып кел» болатын адам емес. Сондықтан қызметке құрметпен қарап, теріс түсінік қалыптастырудан аулақ болған жөн. Себебі курьер білімі төмен, сауаты жоқ, әлеуметтік жағдайы нашар деген сөз емес. Бір басында екі диплом, жоғары білімі бар ересек те аталған қызметте еңбек етіп жүр.

Түйіндей келе, табан астынан қажеттіні іздеп шарқ ұрғанда, уақыт тығыз болғанда көмекке келетіні – курьер. Бүгінгі күні ауадай қажет қызмет түрі. Жеделдік пен жылдамдықты серік еткендіктен де қызметіне күмән келтіру мүмкін емес.

**Нәзік АХМЕТ**

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1130